

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
THE MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN**

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY**

Ғалым-педагог Мұслима Құдайбергенқызы Жұбанованың
90 жылдығына арналған

**«ҚАЗІРГІ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ
САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

(Алматы қ., 11 қараша 2016 ж.)

МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции

**«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ ГРАМОТНОСТИ
УЧАЩИХСЯ В СОВРЕМЕННОМ НАЧАЛЬНОМ ОБРАЗОВАНИИ»**

посвященной 90 – летию ученого-педагога

Муслимы Кудайбергеновны Жубановой

(г. Алматы, 11 ноября 2016 г.)

International scientific-practical conference

**«ACTUAL PROBLEMS OF DEVELOPMENT OF STUDENTS' FUNCTIONAL
LITERACY IN MODERN PRIMARY EDUCATION»**

dedicated to the 90th anniversary of scientist- teacher

Muslyma Kudaibergenkyzy Zhubanova

(November 11, 2016)

Алматы 2016

УДК 37.01(063)
Қ22

Жалпы редакциясын басқарған

Нөкетаева Д.Ж. – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ректоры

Жауапты редакторлар

Алиев Б.А. - Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің бірінші проректоры;
Аймағамбетова Қ.А. – п.ғ.д., профессор
Жиенбаева С.Н. - Педагогика және психология факультетінің деканы;
Байназарова Т.Б. – Мектепке дейінгі және бастауыш білім кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., қауым. профессор м.а.;
Текесбаева А.М. – п.ғ.к., доцент;
Асылбаева Ф.Б. – п.ғ.к., қауым. профессор м.а.;
Сейдуалиева А.Н. – п.ғ.м., аға оқытушы;
Тұрысбаева А. - п.ғ.м., оқытушы;

Қ22

«Қазіргі бастауыш білім беруде оқушылардың функционалдық сауат-тылығын дамытудың өзекті мәселелері»: ғалым-педагог Мүслима Құдайбергенқызы Жұбанованың 90 жылдығына арналған халықар. ғыл.-прак. конф. мат. жинағы.

«Актуальные проблемы развития функциональной грамотности учащихся в современном начальном образовании»: посвещ. 90 – лет. ученого-педагога Муслимы Кудайбергеновны Жубановой.

«Actual problems of development of students' functional literacy in modern primary education» dedicated to the 90th anniversary of scientist-teacher

Muslyma Kudaibergenkyzy Zhubanova. - Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2016, - 442 бет.

ISBN 978-601-224-833-3

Жинақта еліміздегі және әлемдік білім-ғылым кеңістігіндегі білім және ғылымның даму тарихы, заманауи тенденциялар мәселелерінің маңыздылығы және оны зерделеудің заманауи мүмкіндіктері ғылыми-теориялық, әдіснамалық, практикалық тұрғыдан қарастырылған халықаралық және еліміздегі көрнекті ғалымдардың пайымдаулары берілген. Сонымен қатар, ЖОО профессор-оқытушылары мен колледж, жалпы білім беретін мектеп мұғалімдерінің, докторанттар мен магистранттардың ұлттық идея, білім мен ғылымның даму тарихы мен тенденциялары жөніндегі ғылыми-тәжірибелік жүйеленген мақалалары ұсынылған.

В сборнике представлены материалы, отражающие проблему современных тенденций и развития образования и науки в научно-образовательном пространстве и возможности теоретических, методологических и практических аспектов современных исследований в трудах отечественных и зарубежных ученых, преподавателей вузов, докторантов и магистрантов, учителей школ и колледжей.

ISBN 978-601-224-833-3

УДК 37.01(063)

«Қыздар университеті» баспасы, 2016

ҚАЗАҚ ЖАЗБА МӘТІНДЕРІНДЕГІ ӘРІП ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ СТАТИСТИКАСЫ

Жаңабекова

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты

Қолданб. лингв. бөл. меңгерушісі, филол. г.б.

Жұбанова Е.

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының ізденушісі

АЛМА

Аннотация: В статье рассматриваются вопросы, касающиеся определения наименьшего объема исследуемого текста, а также приводятся некоторые статистические данные графем, гласных и согласных звуков в трех стилях казахского письменного текста.

Summary: The article discusses issues concerning the definition of the lowest amount of the investigated text and also provides some statistics graphemes, vowel and consonant sounds in three styles Kazakh written text.

Зерттеу нысаны бойынша алынатын таңдама бөліктің ең аз мөлшердегі көлемін анықтау. Түркі тілдер аясында фонетика мен фонология ең көп зерттелген салалар екені белгілі. Мәселен, И.А.Батмановтың, А.Н.Кононовтың, Э.В.Севортянның, Н.К.Дмитриевтің, Н.А.Баскаковтың, К.М.Мусаевтың, А.А.Ахундовтың және т.б. ғалымдардың еңбектерінде түркі тілдерінің фонемалық құрамы жеткілікті түрде зерттелген деу болады. Түркі тілдерінің салыстырмалы және салыстырмалы-тарихи фонетикасы жайлы ғылыми еңбектерді көптеп атап кетуге болады. Сол сияқты, қазақ тілінің фонетикасы мен фонологиясының іргелі мәселелері арналған бірқатар ғылыми жұмыстар да белгілі. Бірақ бұл зерттеулерде статистикалық әдіс өте сирек қолданылған тапқан. Ал шындығына келсек, қай тіл болмасын, оның фонемалар жиыны статистикалық әдіспен талдау оңай көнетін тілдік бірліктердің қатарына жатады. Статистика-ықтималдықтар пәнінің әдістері арқылы алынған сандық нәтижелер лингвистикалық зерттеулерге сапалық қорытындылар жасауға мүмкіндік тудырады [1; 2; 62-63; 6 және т.б.]. Бірақ кейбір зерттеулер шектеулі көлемдегі мәтін үзінділері бойынша жүргізілгендіктен олардың нәтижелердің сенімділік дәрежесі өте төмен. Сол себепті ондай зерттеулердегі алынған мәліметтер әр уақытта репрезентативті (өкілетті) деп санай беруге болмайды. Міне, осыған байланысты нысан ретінде алынған мәтін көлемін дұрыс анықтау аса маңызды мәселеге айналып отыр.

Математикалық статистиканың негізгі міндеттерінің бірі – нысандар жиынының қайсібір қасиеттерін бақылау негізінде **бас жиынтықтың** (генеральная совокупность) қасиеттері жайлы тұжырым жасау. Егер бұл **жиынтық** ретінде қазақ тілінің мәтіндері алынды десек, онда оның көлемі шексіздікке ұмтылатыны да туғызбайтын жайт.

Математикалық статистика саласында жиынтық бірліктерінің қасиеттерін зерттеу мәселесі үш түрлі тәсіл бойынша жүзеге асады:

1) жиынтық бірліктерінің барлығын бірдей қамту арқылы (жаппай зерттеу);

2) субъективті көзқарас негізінде барлық жиынтық ішінен бірліктердің белгілі бір бөлігін таңдап алу арқылы;

3) барлық жиынтық ішінен белгілі бір бөлігін (таңдама бөлік немесе таңдама) кездейсоқ түрде бөліп алу арқылы барлық жиынтық (**бас жиын**) бойынша қорытынды жасалады. Мұндай қорытындыға келу нақты нәтижелер негізінде ғана жүзеге асады.

Жоғарыда аталған бірінші тәсілді қолдану, яғни жаппай зерттеу жүргізу мәтін көлемінің шексіздігін мүмкін бола бермейді. Ал екінші тәсілді қолдану, яғни арнайы жолмен іріктеп, жеке көзқарастағы мәтін көлемін таңдап алу әдісін қолданған жағдайда тек шектелген сипаттағы нәтижеге ғана қол жетеді. Мұндай нәтижелер барлық жиынтыққа қатысты статистикалық қорытынды жасауға мүмкіндік тудырмайды.

Сонымен ең дұрысы үшінші таңдама әдісті қолдану. Мұндай таңдама бөліктер (таңдамалар) жиынның ішкі жиыны деп те аталады және бас жиынның барлық бірліктерінің таңдама ішіне ену ықтималдығы бірдей дәрежеде болады.

Таңдамалар екі түрлі тәсілмен қалыптасады:

а) кездейсоқ сандар кестесі бойынша;

ә) жүйелі түрде іріктеп алу әдісі арқылы.

Мәселен, қазіргі қазақ жазушыларының шығармаларынан үзінділер таңдауда арнайы түзілген “кездейсоқ сандар кестесі” әдісін қолдануға болады. Ол үшін, мысалы, шығарманың бет санын көрсететін нөмірі мен әр беттегі бірінші (немесе басқа) абзац мәтінін таңдамаға енгізу үшін аталған арнайы кесте қолдану керек. Шығарма бетін таңдау арнайы кестедегі сандарға сәйкес келу шартымен жүзеге асады.

Екінші тәсіл бойынша қажетті деген зерттеу нысаны ретіндегі материалды іріктеу жүйелі түрде, яғни әрбір келесі бет саны мен тиісті абзацты таңдап алу жүйелі түрде жүзеге асады. Мұндай іріктеу әдісі, көбінесе газет пен журнал бетіндегі мәтін үзінділерін таңдама бөлікке енгізу кезінде қолданылды. Осы мақсатпен нысан ретіндегі жеке мақаладағы сөйлемдер рет-ретімен нөмірленді. Содан кейін барып, $K_n = K_{n-1} + L$ формуласы бойынша сөйлемдер реті таңдама бөлік ретінде алынды. Бұл өрнектегі K_n таңдамаға енетін сөйлемнің бастапқы нөмірі ($K_n = 1, 2, 3, \dots$), ал L интервал (арақашықтық) шамасы, әдетте, ол 3 пен 5 сандарына тең алынды. Жүйелі түрде іріктеуде K_n -ның бастапқы шамасы мен интервал мөлшері зерттеушінің өз еркінше алынады.

Статистикалық зерттеудегі таңдама әдісті қолданудың мақсаты – бас жиынтықты сипаттауға мүмкіндік беретін деректер алу. Осыған орай, таңдаманың өкілділігі (репрезентативтілігі) жайында сұрақ туындауы мүмкін. Басқаша айтқанда, ақиқаттың қандай дәрежесімен зерттеу нәтижесін барлық жиынтыққа қатысты түсінуге болады? – деген сұрақ.

Математикалық статистика, таңдама бөліктер бойынша жүргізілген зерттеу деректерінің, бас жиынтықтың осындай қасиеттеріне сәйкес келуін бейнелеудің дәлдік дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Статистикалық талдаудың дәлдігі таңдаманың көлеміне, яғни зерттеуге түсетін бірлік санына айтарлықтай тәуелді болатындықтан, ең алдымен таңда көлемін анықтау мәселесін шешіп алу қажет болады. Аталған мәселе математикалық материалды статистикалық әдіспен зерттеуде аса маңызды деп саналады [10, 165; 11, 82; 3, 34-35, 76]. Таңдама бөліктің ең кіші көлемдік мөлшерін анықтауға байланысты бірнеше тәсілдер орын алуда [10, 3, 33 және т.б.].

Біз өз зерттеуімізде таңдаманың ең кіші көлемін анықтау үшін мынадай формуланы қолдандық:

$$N = \frac{z_p^2 (1 - f_{zp})}{\delta^2 \cdot f_{zp}},$$

Мұнда Z_p – алдын ала берілген ықтималдықтың сенімділік мәні бойынша алынатын тұрақты сан; f_{zp} – статистикалық бірліктің қатынастық жиілігі; δ – қатынастық қате [3, 34-35.]. Әдетте, лингвистикалық зерттеуде ықтималдық мәні ретінде $P=0,95$ және $P=0,99$ алынады да, ал оған сәйкес келетін Z_p -ның кестелік мәні $1,64$ және $1,96$ немесе $2,58$ сандарына тең болып келеді [3, 33.]. Ал Z_p -ның кестелік мәндері математикалық теориясы мен математикалық статистикаға арналған оқулықтардың қосымшасында беріледі.

Қазақ жазба мәтініндегі әріптердің дыбыстық деңгейдегі статистикасы. Жазба тілі сөйлеу тіліне практикалық және теориялық тұрғыда аса маңызды зерттеу нысаны екені мәлім. Мысалы, ақпараттың тиімді түрде өңдеу мен шартты белгілермен таңбалау (кодтау) кезеңінде сол тілдің графемдерінің дыбыстық сипаттамаларын білу керек болады. Графемаларды статистикалық әдіспен талдау арқылы зерттеу нәтижелері баспа ісін жетілдіруге және компьютерді ұтымды пайдалану шараларында да аса қажет. Бұл тілге тән ерекшеліктер, яғни жазба мәтінінің сандық және сапалық қатынастары қазақ тілінің әр түрлі сипаттарынан орын алады.

Мақалада қазақ тілінің жазба мәтінін әріптік (графемдік) деңгейде статистикалық әдіспен зерттеуге мүмкіндік берілген. Себебі, әріп – табиғи тілді жазба мүмкіндігі арқылы бейнелейтін ең бір қарапайым түрдегі тілдік бірлік болып саналады. Зерттеу нәтижелері қазақ тілін фонологиялық және фонетикалық деңгейдегі тілдің морфемдік құрылымын талдау мен тілдік бірліктерді синтагматикалық тұрғыда қарастыру маңызында аса маңызды. Әріптердің, әріп тіркестерінің жалпы және шептік орналасу мүмкіндіктерінің статистикасын анықтауда А.Х. Джубановтың “Задача получения на ЭВМ частотных списков лингвистических единиц” [5] атты мақаласында келтірілген алгоритмдік сызбасы компьютерлік программа жазуға негіз болды. Сонымен бірге, аталған автордың “К вопросу о графемной статистике казахского текста” [6] атты еңбегіндегі статистикасы жайлы мәліметтер де осы мақаланы жазуға ықпал етті.

Жалпы сөздіктерді құрастыруда қазақ тілінің үш түрлі стильдер материалдары зерттеу нысаны ретінде қолданылды. Олар:


- 1) М.О. Ауезовтің “Абай жолы” романы мәтіні (51290 сөзқолданыс немесе 280812 әріп);
- 2) математика пәніне арналған мектеп оқулықтарының мәтіні (19467 сөзқолданыс немесе 130388 әріп);
- 3) романдың екі томдық түсіндірме сөздігінің мәтіні (17585 сөзқолданыс немесе 116317 әріп)

Әрі қарайғы пайымдауымызда, бұл стильдерді қысқаша түрде – *роман, математика, сөздік* деп атауды ұсынамыз.

Тәжірибе түрінде алынған стильдер мәтіндерінің тең көлемді болмауының себебі, олар толық түрдегі материал болуымен түсіндіріледі. Сондықтан мәтіндер ішіндегі тілдік бірліктердің (әріптердің) сандық қатынастары жайлы мәлімет алу үшін олардың қатынастық жиіліктері (немесе пайыздық салмақтары) арқылы анықталды.

Әріптерін статистикалық әдіспен талдаудан бұрын олардың графемдік құрамын анықтап алған жөн. Мысалы, егер қазақ тілі әліпбиіндегі барлық әріптерді (графемаларды) G жиыны деп белгілесек, жиын элементтерінің саны n -ге тең болады. Бұл жиынға (G) мәтіндегі сөзбен-сөздің арасын ажыратып тұратын “бос орын”, “көптеңбіл және қос сөздер арасындағы “дефисті”, “тыныс белгілерін” есепке алмасақ, әліпбидегі дыбыстық белгі (b) мен қатандық белгіні (\bar{b}) бір графема деп есептесек, онда $n=39$ деуге болады. Яғни $G=\{a, \bar{a}, \bar{b}, \dots, j, \bar{j}\}$ және жиын элементтерінің саны $n=39$.

Зерттеу барысында мәтінде кездесетін әріптер жиыны топ-топпен ірілі-ұсақты бөліктерге бөлініп, әріптердің сызба-топтама түрінде көрініс тапты.



Осы сызбада көрсетілген топтар арқылы ерекшеленетін мәтін әріптері (әріп тіркестері) мәтіндегі не сөздіктегі сөзқолданыстар мен реестрлік сөздердегі шептік орналасу тәртібімен (сөз басында, сөз соңында) және мәтін ішінде (шептік сипатқа қатыссыз) жайттардың статистикасын анықтауды зерттеудің мақсаты етіп алуды жөн көрдік. Оқырмандарға ұсынып отырған осы мақалада, біз тек қазақ әріптерінің белгілі көлемдегі мәтінді қамту пайызына байланысты кейбір статистикалық жайттарға ғана тоқталмақпыз.

Төменде *1-кестеде* қазақ тілінің үш стилі бойынша компьютер көмегімен түзілген қазақ әріптерінің жиілік сөздігінен үзінді келтіріп отырмыз. Қысқаша пайымдасак, аталған кестеде ең жиі кездесетін әріптер, олардың жиіліктерінің кему тәртібімен орналасқан. Әрі қарайғы пайымдауымызда әріптердің үш түрлі стиль бойынша қарастырылған алғашқы 10 түрлі орнына қатысты сөз болады. Кестеде он әріптің әрбіреуінің және олардың жиынтықтарының мәтінді қамту пайыздық салмағы көрсетілген. Кестедегі мәліметтерге сүйенсек, қазақ әліпбиіндегі 40 әріптің тек 10-ы ғана әр стиль бойынша алынған мәтіндердің 64-66 пайыздарын қамтитынын байқауға болады. Ал көркем әдебиет (роман) стилі мен ғылыми-техникалық (математика) стилінде ең жиі қолданыс табатын: *a, e-ё, ы, н* төрт әріп (үш дауысты, бір дауыссыз) барлық мәтіннің 35-36 пайызын қамтиды екен. Бұл жерде әмбебап дауыстылар қатарына жататын 4-ші *i* дауысты дыбысы аталған әр стильде 5-ші және 6-шы орындарға (іргелес орындарға) ие болып тұрғанын байқаймыз.

1-кестедегі сөздік мәтіні (қазақ тілінің екі томдық түсіндірме сөздігі) бойынша алынған әріптердің жиілік сөздігіндегі ең жиі қолданылатын әріптердің алатын орны мен статистикасы жоғарыда қысқаша қарастырылған екі стиль бойынша алынған мәліметтерден белгілі дәрежеде айырым табатынын аңғаруға болады. Әсіресе, сөздіктегі тұйық раймен берілген етістіктердің әсерінен “*y*” әрпінің 3-орынға ие болуы және “*қ*” әрпінен басталатын қазақ сөздерінің сөздіктегі басымдылығы бірден көзге түседі. Ал жиілік сөздіктегі алғашқы ең жиі кездесетін “*y*” пен “*қ*”-дан басқа 8 әріп орналасу орындарымен ғана айырым тапқанымен, мәтінді қамту пайыздық салмағы жағынан айтарлықтай ерекшеленбейді.

Әрине, қазақ әріптерінің толық жиілік сөздігіндегі мәліметтер жеке пайымдауды қажет етеді. Ал біз жиілік сөздік үзіндісіндегі мәліметтермен бірге, бұл мақалаға қазақ тілінің дауысты және дауыссыз дыбыстар топтарының қысқаша статистикасын да беруді жөн көріп отырмыз (2-кесте және 3-кестені қара).

Сөздің басында да, соңында да және ішінде де қолданыла беретін әріптерді – “сөз ішіндегі” қолданыс, деп шартты түрде атауды ұйғардық. Міне, осындай дауысты және дауыссыз дыбыстарды таңбалайтын әріптердің статистикасын анықтауда, олардың қатынастық жиіліктерінің стильдік (жанрлық) айырым-белгі ретінде жүрмейтіндігін 2-ші және 3-ші кестедегі деректерден аңғаруға болады. Осы айтылғанға қатысты мәселені кезінде А.А.Исенгелдина “Факторы, определяющие относительную частотность фонем” атты мақаласында да айтқан болатын [7]. Бұл жайт қазақ тілінің графемалары мен фонемаларының арасындағы тікелей сәйкестің бар екендігін растаумен бірге, қазақтың жазба тілінің фонемалық сипатын дәлелдей түсетін тәріздес.

Әрине, сөздік мәтіндегі реестр сөздерінің дыбыс құрамының статистикасы қиындасқан сөздер тізбегіндегі статистикадан аздап болса да айырым табады.

Жеке графемалардың жиілігін талдай келе, кейбір дауысты және дауыссыздардың басқа дыбыстарға қарағанда жиі қолданатынын байқау қиын емес. Оған мысал ретінде “*әмбебап*” дауыстылар деп аталатын (*a, e-ё, ы, i*) дыбыстарды айтуға болар еді. Мұндай графемалардың мәтін ішінде (сөз ішінде) қолданылуының қосынды нәтижесі: романда – 34,8%; математикада – 32,0%; сөздікте – 29,0%. Егер біз қарастырған мәтіндердегі барлық дауысты дыбыстардың қолданылу жиілігінің пайыздық қосындысы – 43,14%; 43,19% және 44,60% екенін ескерсек, әмбебап аталатын *a, e-ё, ы, i* төрт дауысты дыбыстардың қолданылу дәрежесін өте жоғары деп санауға әбден болады.

Стиль-дердегі әріптің алатын орны	Әріптердің мәтінді қамту пайызы (%)									
	Роман			Математика			Сөздік			
	Әріп аты	Әріптің %	Жиынтық %	Әріп аты	Әріптің %	Жиынтық %	Әріп аты	Әріптің %	Жиынтық %	
1	а	13,2	13,2	а	11,0	11,0	а	13,0	13,0	
2	е-ё	8,1	21,3	е-ё	8,3	19,3	т	7,1	20,1	
3	ы	7,5	28,8	н	8,2	27,5	у	7,0	27,1	
4	н	7,1	35,9	ы	7,4	34,9	е-ё	6,3	33,4	
5	і	6,0	41,9	д	5,4	40,3	ы	6,1	39,5	
6	т	5,0	46,9	і	5,3	45,6	р	6,0	45,5	
7	р	4,8	51,7	р	5,3	50,9	л	6,0	51,5	
8	д	4,6	56,3	т	5,2	56,1	с	4,5	56	
9	л	4,2	60,5	л	5,1	61,2	қ	4,1	60,1	
10	с	4,1	64,6	с	4,4%	65,6	н	4,1	64,2	
Қосындысы:			65%				66%			

2-кесте

Дауыссыздардың топтары	Дауыссыз дыбыстардың мәтінді қамту пайызы (%)		
	Роман	Математика	Сөздік
Үнді дыбыстар	22,60%	24,60%	21,20%
Қатаң дыбыстар	19,95%	17,71%	23,20%
Ұяң дыбыстар	14,31%	14,50%	11,00%
Қосындысы:	56,86%	56,81%	55,40%

3-кесте

Дауыстылардың топтары	Дауысты дыбыстардың мәтінді қамту пайызы (%)		
	Роман	Математика	Сөздік
Ашық дыбыстар	25,93%	25,27%	24,40%
Қысаң дыбыстар	17,21%	17,92%	20,20%
Қосындысы:	43,14%	43,19%	44,60%

Дауыссыз дыбыстардың статистикасына байланысты айтатынымыз, ол қазақтың жазба және сөйлеу сипатына үнді және жабысыңқы-шұғыл дыбыстардың тән болуы. Ал шұғыл (үзілмелі) дыбыстар көркем мәтінінде 23,5% тең, математика мәтінінде – 22,19 және сөздік мәтінінде 22,2 пайызға тең екен және пайыздық шамалар барлық дыбыстардың ¼-не (төрттен біріне) жуық деуге болады.

Кейбір в, х, ч, һ, щ, ц сияқты дауыссыз дыбыстар, э, ю, я – дауыстылар және ь-ъ белгілері басқа тілдерден (араб-иран) енген кірме сөздерде ғана кездесуінен, олардың пайыздық салмағы бір пайыздан да аз болғандықтан қолданылған.

1, 2, 3 кестелер бойынша басқа да мәліметтерді сөз етуге болатыны белгілі, бірақ олар келесі мәліметтердің нысаны болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Байтанаева Д.А. Информационные характеристики казахского текста: Автореф. дис. ... филол.наук. Алма-Ата, 1985. – 17 с.
2. Бектаев К.Б. Статистико-инженерные методы в тюркологии // СОПИЯЛ. – Чимкент, 1980. – С. 7-10.

Шамеева М.Б. Математика сабағында оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары.....	85
Джапашева Ж.А. Развитие функциональной грамотности на уроках русского языка.....	88
Қабанбаева К.Қ., Нурмуханбетова Ж.Ж. Функционалдық сауаттылыққа оқытуды зерттеуді бағалау технологиясы.....	92
Асимова Г. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын түрлі әдістермен бағалау.....	94
Асимова Г.А., Қасымов Қ.Д. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары.....	96
Жиенгазина А.О. Некоторые аспекты воспитания функциональной грамотности у младших школьников.....	99

ЕКІНШІ СЕКЦИЯ

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНДАҒЫ ЖҰБАНОВТАР ӘУЛЕТІ: МАҢЫЗЫ МЕН ДӘСТҮР САБАҚТАСТЫҒЫ

Қосымова Г. Мұслима Құдайбергенқызы Жұбанованың «Әке -жыр» эссе поэмасы: идеясы мен көркемдік шеберлігі.....	102
Мұхтаров Б. (М.Қ.Жұбановамен сұхбат) Қ.Жұбановтың өмірі мен шығармашылық қызметі, ғылыми еңбектерінің тағдыры жайында.....	104
Себепова К.Е. Көгінде сөнбес жұлдыз.....	107
Жубанова А.А. Мой любимая старшая сестра-Муслима: Нежная душа, твердый характер и настоящий педагог.....	109
Абилхаирова Ж.А., Жаңабегенова Ә.М. Бастауыш сыныптарда сөздік жұмысын жүргізудің психологиялық негіздері.....	111
Толукбаева Р.Х. Қазақ руханиятындағы Жұбановтар әулеті: маңызы мен дәстүр сабақтастығы	114
Иманқұлова Меруерт Амантайқызы- Профессор Қ.Жұбановтың тілді оқытуда қолданған технологиялары мен әдістері.....	117

ҮШІНШІ СЕКЦИЯ

ЛИНГВИСТИКА МЕН БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ЖӘНЕ ЖАҢА БАҒЫТТАР

Алдаш А. Тілді білу құзыреттілігін анықтауға арналған тестілер кешені: мазмұндық және функционалды-тілдік ерекшеліктер.....	121
Жүнісбеков Ә., Жұбанова Е.Б. Түркі тілдеріндегі бірбуынды сөздердің фонологиялық құрылымы мен сандық сипатының зерттелуі.....	124
Ермекова Т. Н. Синтаксистік бірліктерді заманауи көзқарас тұрғысынан зерделеу.....	127
Есенова Қ.Ө., Бекенова А.Т. Діни тілдік бірлестіктердің прагматикалық ерекшеліктері.....	130
Жаңабекенова А., Жұбанова Е.Б. Қазақ жазба мәтіндеріндегі әріп қолданысының статистикасы.....	134
Сатбекова А.А., Джасталапова А., Жұмабай А. Қазақ тілін жобалай оқыту технологиясы арқылы меңгерудің антропологиялық негіздемесі.....	138
Ермекова Т. Н., Мурзинова А.С. Құнанбайдың тілдік тұлғасын танудағы стереотиптерге жаңаша көзқарас.....	142
Дәулетбекова Ж.Т. Оқушылардың лингвистикалық дүниетанымын қалыптастырудың философиялық аспектілері.....	144
Қалыбаева Қ.С. Қ.Жұбанов қазақ тілінің диалектілерге бөлінуі жайында.....	147
Танжарықова А.В. Фольклор поэтикасының қазіргі әдеби шығармаларда қолданылуы.....	149
Сатмирова Д., Бектасова М. Қазіргі қазақ жастар прозасының жай –күйі.....	152
Абдирасилова Г.Қ., Абдиқаримова Н.С. Қазақ тіліндегі киелісөздертабиғаты.....	153
Абитжанова Ж.А., Полатова А.С. Когнитивтік лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы.....	156
Ермеқбаев М.Ә., Нұрлыбаев Н.М. Түркі тілдеріндегі аффикстердің үнемділігі детерминанты құбылысының ерекшеліктері.....	159